

Қарағанды облысы Байқоңыр өзенінің участкесінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысының әкімдігінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 29/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 4 мамырда № 6327 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2024 жылғы 4 қазандағы № 60/04 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 04.10.2024 № 60/04 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін).**

Қазақстан Республикасының Су кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Комкон" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үшін әзірленген Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Байқоңыр алаңының аумағында орналасқан Байқоңыр өзенінің участкесіне су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу" бекітілген жобасына сәйкес Қарағанды облысы Байқоңыр өзенінің участкесінде су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленсін.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген су объектісінің су қорғау аймақтары мен белдеулері шегінде шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше шарттары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Қарағанды облысы Ұлытау ауданының әкімдігі, "Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы", "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы", "Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемелері, мемлекеттік уәкілдік органдар өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. "Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Қарағанды облысы әкімдігінің "Қарағанды облысы Байқоңыр өзенінің участкесінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" қаулысы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек

### "КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сактау министрлігінің  
санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ A.C. Есмағамбетова

" " \_\_\_\_\_

### "КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиги ресурстар министрлігі  
Су ресурстары комитетінің  
Су ресурстарын пайдалануды  
реттеу және қорғау жөніндегі  
Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы"  
республикалық мемлекеттік мекемесінің  
басшысы \_\_\_\_\_ B.C. Мұхамеджанов

" " \_\_\_\_\_

Қарағанды облысы  
әкімдігінің  
2021 жылғы 23  
сәуірдегі  
№ 29/03  
қаулысына қосымша

### **Су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдалану режимі және ерекше шарттары**

1. Су қорғау аймақтары шегінде жол берілмейді:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыш, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті

атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мұдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бүрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өндеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбegen пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

**Ескерту. 1-тармақта өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысының әкімдігінің 13.01.2022 № 03/01 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Су қорғау белдеулері шегінде жол берілмейді:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-қуйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылышжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылышжайларын, айлақтарды,

порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру, балық шаруашылығы технологиялық су айдындары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылыштарды салмай, ғимараттар мен құрылыштарды салуға және пайдалануға. Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабының 7-тармағымен және 145-1 бабымен белгіленген талаптарды ескере отырып қолданылады;

- 3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер участекерін беруге;
- 4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;
- 5) жекелеген участекерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өндөуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);
- 6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;
- 7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға жол берілмейді.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысының әкімдігінің 13.01.2022 № 03/01 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыш жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыштар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) жол берілмейді.